

*Тақырыбы: Қазақстан
аумағындағы
қола дәуірі*





Тас ғасырынан кейін қола дәуірі келді. Біздің жерімізде қола дәуірі б.з.д II мыңжылдықта басталған. Қазақстанның қола дәуірінің ескерткіштерінің ең көп таралған және ең жақсы зерттелген аймағы-Орталық Қазақстан. Бұл аймақ қола дәуірінде адамның өмір сүруіне өте қолайлы болған. Қола дәуірінде Андронов мәдениеті таралғаны белгілі. Бұл кезеңде өмір сүрген тайпаларды шартты түрде андрондықтар деп атаймыз.



Уақыты	Кезеңдер
Б.з.д. 2-1 мыңжылдық басы	Қола дәуірі
Б.з.д. XVIII – XVI ғғ.	Ерте қола
Б.з.д. XV – XII ғғ.	Орта қола
Б.з.д. XII –VIII ғғ.	Кейінгі(соңғы) қола





Қола дәуірі ескерткіштері екі мәдениетке бөлінеді

1.Андронов(б.з.д. X-VIII)

2.Беғазы-Дәндібай(Соңғы қола дәуірінде)

Андронов мәдениеті екі кезеңге бөлінеді:

1.Нұра кезеңі

2.Атасу кезеңі




Нұра кезеңігің ескерткіштерін, негізінен алғанда, жерлеу орындары-көне қорымдар құрайды.

Жерлеу орындары кішігірім қазандай, жалпақ тастарды жерге жартылай батырып орнатып қоршау түрінде болып келеді. Тас қоршауларының пішіні әртүрлі, киіз үйдің орны сияқты, тік төртбұрышты, кейде тіпті шаршы түрінде кездеседі.

Бұл дәуірде көбінесе өлген адамның сүйегін жартылай өртеп қойған. Адамның денесін абірден тыс жерде өртеп, содан соң күйген сүйектерін қабірге жерлеген болу керек. Өйткені адамның сүйектерімен қатар қойылған қыш-құмыраларда, әшекей заттарда, қару-жарақтарда оттың ізі жоқ. Нұра кезеңінің кейбір зираттарында адамды өртемей жерлеу ғұрыпы да кездеседі.

Өлген адамдарды сол немесе оң жамбасымен, қол-аяғын бүгіп жерлеген. Кейбір андрондықтар “адам өлген соң, Жер-Ананың жатырында да солай орналасуы қажет” деп есептеген болуы керек. Нұра кезеңінің қоршауларында адаммен бірге қыш-құмыраларды, малдың етін қойған.



Андронов дәуірінің Атасу кезеңінің көп зерттелген ескерткіштері сол жерлеу орындары.

Атасу кезеңінің жерлеу орындары да Нұранікіндей дөңгелек, төрт бұрышты қоршаулар болып келеді. Сондықтан алдыңғы кезеңнің көп дәстүрлері мұнда да жалғасын тапқан. Атасу кезеңде адамды сол күйінде жерлеген, өртеген сүйектер өте сирек кездеседі.

Қабірлер, әдетте, ұзына бойымен шығыстан батысқа қарай бағытталған. Атасу кезеңдерде сонымен қатар қос қабірлер де кездеседі. Бұл – бір қоршаудың ішінде қатарынан қойылған екі тас сандыққа екі адамды жерлеу салты.

Атасу кезеңде халық саны біршама өскен болатын. Оған бұл дәуірге жататын кешендерде жерлеу орындарының өте көп болуы дәлел. Кейде бір жерден сол заманның 100-ден астам зираттары кездеседі.


Осы кезде рудың ішінен ең жақын аталас туыстардың үлкен патриархалдық отбасы бөліне бастайды. Айшуақ қоршауы – соның дәлелі. Мұнда 6 адамды бір ақ үлкен зиратқа жерлеген.

Андронов мәдениетінен Беғазы-Дәндібай мәдениетіне өтпелі кезең ескерткіштері. Беғазы – Дәндібай мәдениеті.

Бұл кезеңде Андронов дәуірінің кейбір белгілері сақталғанымен, жаңа сипаттағы ірі-ірі жерлеу орындары пайда бола бастады.

Өтпелі кезеңге тұрқы қысқа, бүйірі шар тәріздес, томпайған, түбі тегіс қыш ыдыстар тән. Мысалы ыдыстың бүйіріндегі ленталар осы өтпелі кезеңде пайда болды да, Беғазы-Дәндібай заманындығы ең жиі кездесетін өрнекке айнады. Өтпелі кезең ескерткіштері өте аз зерттелген

Орталық Қазақстанның қола дәуірінің ең соңғы кезеңі Беғазы-Дәндібай мәдениеті деп аталады. Беғазы-Дәндібай кезеңінде үлкен париархалды отбасыларға арналған, көп адам жерленген үлкен жерлеу құрылыстары кездеседі. Бұл- осы кезеңдегі ру, тайпа көсемдерінің, беделді бай адамдырының зираты. Осы мәдениетке жататын қыш құмыралардың сипаттамасы мынандай: ернеуітік, бүйірі шар тәріздес болып томпайып келген, түбі тегіс. Ал құмыралардың өрнегі әртүрлі болған. Тарақ жүзді ою-өрнекпен салынған үш бұрышты, балдақ пішінді батырып салынған өрнектермен қатар тырнақпен, ұштаған таяқшамен салынған өрнектер де көп кездеседі.




Қола дәуіріндегі Шығыс Қазақстан қоныстары.

Осы кезеңгетұтас келетін екі үйдің орны қазылып, зерттелді.Үй жердің бетіне салынған.Үйдің үстіне қамыс төсеп,оның үстіне аң терілерін жапқан.Үйдің ортасында тас ошақ болған.Ал осы қоныста зерттелген тағы бір үйдің көлемі үлкен, ұзындығы- 11 м де,ені – 8м.Үй жер бетіне салынған.Тамақ істейтін, үйді жылытатын ошақ үйдің солтүстік бөлігінде орналасқан.Үйдің сыртында, аулада тағы бір ошақ болған.Ол ашық жерде орналасқан.Адамдар бұл ошақты жазда пайдаланған.

Осындағы Кіші Красноярка, Трушникова қоныстарындағы жерлеу орындары- нан табылған, қоладан жасалған тарихи және құнды заттар:қанжар, білезік,шот, қайла,жебелер, шоқпардың бес емшекті басы,найза ұшы, орақ, балта-шоттар, пышақтар.

Қола дәуірінің соңына қарай тайпалар арасында алыс-беріс күш дамиды. Шығыстағы тайпалар бұл кезде,бір жағынан, Жетісуды, екінші жағынан , Солтүстік Қазақстанды мекендеген тайпалармен тығыз араласқан.Бұл олардың арасында қола, алтын, геометриялық рнекпен өрнектелген қышыдыстар,мал түліктерімен ауыс-түйісінен,айырбасынан көрінеді.

Қола дәуірінде Шығыс Қазақстан жерінде тау-кен өнеркәсібі және металлургия жақсы дамыды.





Қола дәуіріндегі шаруашылық- тұрмыстық бұйымдар.



Қола дәуіріндегі Солтүстік және Батыс Қазақстан.

Бұл өңірде қола дәуірі ескерткіштері мол ұшырасады. Солтүстік пен Батыс Қазақстан жерінде қола дәуірінің 150-ден аса қонысы, 200-ге тарта қорымы зерттелген.

Орта қола кезеңінде жер бетінде салынған ағаш үйлермен қатар жер астына 1м-ге жуық қазылып салынған жартылай жертөле үйлер де пайда болды. Олардың есігі бұрыштан ойылған, сегіз шақты ошақ болады. Ағаш жоқ жерлерде, әсіресе Батыс Қазақстан өңірінде үйлер, негізінен, тастан салынады. Тұрғын үйлердің жанында қабырғасын сексеуілмен немесе шарбақпен шегендеген құдықтар бар.

Бір дәулетті әйелдің қабірінен қола қапсырмалар, моншақтар, өңіржиек, күміс сырғалар, білезік, қола жүзік, шолпы шықан.

Қола дәуіріндегі Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу өңірі.

Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудағы қола дәуірі ескерткіштері аздау зеттелген. Жетісудағы қола дәуірі мәдениетіне сол заманындағы қара металлургиясының ірі орталығының бірі Алтай-Тарбағатай қола мәдениетінің де әсері болған.

Қайтыс болған кісілерді жерден қазылған, бетін үлкен қапақ тастармен жапқан қабірге жерлеген, өлген адамды өртеп барып қою ғұрпы басым болған. Мәйітпен бірге қыш құмыралар қойылған. Олар көбіне тарақ жүзді өрнекпен өрнектелген. Кейбір құмыралардың түбінде бидайдан, тарыдан жасалған тағамның қалдығы табылған.

Аралдың шығыс жағында орналасқан Түгіскен кесенелері қола дәуірінің аса көрнекті ескерткіштері болып саналады. Олар төрт бұрышты, сарғыш түсті шикі кірпіштен салынған екі қабат құрылыстан тұрады. Кесененің ортасында және дәлізде жерлеу мүліктері: қыш ыдыстар, әртүрлі құралдар, қола және алтын әшекейлер т.б заттар қойылған. Түгіскенде өлікті өртеу ғұрпы басым болған. Түгіскен кесенесі Беғазы-Дәндібай кесенесіне қатты ұқсайды. Ал олардың айырмашылығы- Берғазы-Дәндібай кесенелері ірі гранит тастан салынса, Түгістан кесенелері шикі кірпіштен қаланған.

